

"Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 781 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 90 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 34 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.01.2018 № 34 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 781 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

мына:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі;"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары," деген жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ҚазАгроИнновация" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша);"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы" республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша);"

"Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы (келісім бойынша)."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов